**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша академиялық комитет мәжілісінің**
**№ 8 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **20.05.2024 ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, аға оқытушы Б.Ауезов, АК мүшелері – PhD, аға оқытушы, М.Сұлтанбек PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина, аға оқытушы С.Сахитжанова, аға оқытушы Ж.Шалабаева; жұмыс беруші өкіл №23 IT мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Акилбекова, «Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Р.Уримова, білімгерлер 7М01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі магистрант А.Ү.Төребай; білімгер Д.Р.Тимерхан.

Қатыспагандар: -

1. БББSWOT-талдау жүргізу.
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Б.Ауезов**: Саламатсыздар ма, құрметті АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде БББ SWOT-талдау жүргізу, мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағытты бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру барысында атқарылған іс-шараларға және биылғы оқу жылының қорытындысына талдау жасау керекпіз. Талдау басқару іректетінің құрамдас бір бқлігі екенін баршамыз білеміз. БББ жан-жақты терең SWOT-талдау жүргізу білім беру бағдарламасының дамуын қамтамасыз етеді. SWOT-талдаудың негізінде БББ-ның күшті, әлсіз жақтары,мүмкіндіктері және қатерлі жақтары анықталады. Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасына қарасты 6В01303 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламасының SWOT-талдауымен АК мүшесі, кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент А.А.Жумадуллаева таныстырады.

**АК мүшесі** М.Сұлтанбек: 6В01303 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағытты бойынша білім беру бағдарламасын SWOT-талдауытолық жасалынды. Талдау есебін назарларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер.

| Strengths(күшті жақтары) | Weaknesses (әлсіз жақтары) |
|---|---|
| -университеттің академиялық еркіндігінің жүзеге асырылуы;<br>-ПОҚ-ның ғылыми дәрежелілігінің жеткілікті деңгейі;<br>-дуальды оқыту жүйесінің болуы («Алия» бөбекжай-балабақшасы, («Балдырған» бөбекжай-балабақшасы);<br>- түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары деңгейі;<br>- кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалаларының жариялануы; | - мамандық бойынша соңғы 10 жылда баспадан шыққан оқу құралдарының жеткіліксіздігі;<br>- Қазақстандық ЖОО-да және шетелдік ЖОО-да ПОҚ-ның академиялық ұтқырлықпен дәріс оқу көрсеткішінің төмендігі және білімгерлердің академиялық ұтқырлық бағдаламасының орындалу деңгейінің төмендігі;<br>- халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы (қосдипломдық білім); |

| | |
|---|---|
| - Интернет желісінің қолжетімділігі;<br>- университет кітапханасының оқу, оқу-әдістемелік құралдармен, оқу залдарының компьютермен жабдықталуы, қызметкерлерінің заманауы қызмет көрсетуі;<br>- Орхун бағдарламасы негізінде Түркия Республикасынан 2 студент және Қырғызстаннан 3 студент академиялық ұтқырлықтан өтуі;<br>- БББ бойынша Түркия профессорының дәріс өтуі. | - шет тілдерін меңгерудің төмен деңгейі;<br>- ғылыми жобалардың болмауы;<br>- тұрақты кадрлардың қартаю тенденциясы, (орта жасы - 50 жас) және жас кадрлардың тапшылығы;<br>- алыс және жақын шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықтың төмен деңгейі. |
| **Opportunities (мүмкіндіктер)** | **Threats (қауіптер)** |
| - мамандық түлектеріне сұраныстың болуы;<br>- алыс және жақын шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнату және кадрларды даярлау, тағылымдамадан өту мүмкіндігі;<br>- гранттық ғылыми байқауларға белсенді қатысу мүмкіндігі;<br>- мамандық бойынша баспадан оқу, оқу-әдістемелік құралдарын шығару мүмкіндігі;<br>- шетел тілдерін оқып үйренумүмкіндігі (түрік, ағылшын, орыс);<br>- білімгерлер және ПОҚ-ның Мевлана, Орхун, Эрасмус бағдарламалары шеңберінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы. | - нарықтық қатынаста жоғары білім беру саласында бәсекелестіктің болуы. |

**АК мүшесі** Г.Абдуллина**:**6В01303 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағытты бойынша білім беру бағдарламасын SWOT-талдаубойынша кафедра меңгерушісінің есебін тыңдап болғаннан соң, кафедра жұмысын жақсарту бойынша келесі ұсыныстарды жасады: ЖОО арасында халықаралық ынтымақтастықты нығайту; қосдипломды білім беру бағдарламасын дайындау; гранттық ғылыми жобаларды дайындау; біліктілік арттыру; жас білікті кадрларды кафедраға жұмысқа тарту; бейіндік пәндер бойынша ғылыми, оқу, әдістемелік әдебиеттер қорын арттыру және ПОҚ-мы баспадан оқу, оқу-әдістемелік құралдарын шығаруы; ПОҚ және студенттердің академиялық ұтқырлық көрсеткіштерін арттыру; ПОҚ-ның шет тілдерін меңгеру денгейін арттыру қажет, - деп ұсыныстар жасады.

**АК мүшесі** С.Сахитжанова**:** Г.Абдуллина ұсынған ұсыныстарын жаңа оқу жылында кафедраның Жылдық жоспарынан орын алып жүзеге асырылатына күмәнім жоқ. Ұсыныстарды қабылдау керек.

**АК мүшесі** Ж.Шалабаева**:** Мамыр айында«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту»жобасы іске асыру шеңберінде Финляндия елінен келген және Назарбаев университетінен әріптестеріміздің қатысуымен жетекші университеті ретінде «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, қатысушы университеттер: «Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ, «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан» КЕАҚ, «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ, «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ құрамының әзірлеген 6В01303 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламасының (ІР) білім беру бағдарламасының негізінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 6В01303 – Бастауыш білім беру (ІР) инновциялық бағдарламасы әзірленіп, ЕПВО ЖББП-на ББ реестріне тіркелді.

**АК төрағасы Б.Н.Ауезов :**Мамыр айында жоспарланып, атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деңгейде жүзеге асырылды.

Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілістеқарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет.

**ШЕШІМ:**

1. БББ SWOT-талдау жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Мамыр айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

АК төрағасы: Б.Н.Ауезов

**Хатшысы:** А.Ү.Төребай